

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру жөнінде

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1997 жылғы 17 қазан N 334-ө

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына сәйкес:

1. Таратылған және қайта ұйымдастырылған орталық атқарушы органдар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес 1997 жылғы 20 қазанға дейінгі мерзімде тарату және қайта ұйымдастыру ресімдеріне кіріссін.

2. Құрылған және қайта ұйымдастырылған, сондай-ақ қазіргі бар мемлекеттік органдардың құрылымдары мен олар туралы ережелерді қарау жөніндегі Комиссия (бұдан былай - Комиссия) қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік Қаржы министрлігімен бірлесіп және Қазақстан Республикасының мүдделі орталық атқарушы органдарының келісімі бойынша 1997 жылғы 22 қазанға дейін мемлекеттік органдардың құрылымдары мен олар туралы ережелердің жобалары жөніндегі ұсыныстарды Комиссияға беретін болсын.

4. Комиссия орталық атқарушы органдар құрылымдарын,

қызметкерлерінің шекті санын, қызметтік жеңіл автомобильдері санының лимиттерін бекіту жөніндегі ұсыныстарын 1997 жылғы 1 қарашаға дейін қорытындыласын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Премьер-Министр

Премьер-Министрдің
1997 жылғы 17 қазан N 334 өкіміне
қосымша

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымдары мен олар туралы ережелерді қарау жөніндегі комиссияның құрамы

Балғымбаев Н.Ө. - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
Комиссияның төрағасы

Комиссияның мүшелері

Өтембаев Е.Ә. - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің төрағасы - Қазақстан Республикасының министрі

Мұхаметжанов Б.Ә. - Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Байменов Ә.М. - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы

Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары (вице-министр)

Котенко Н.Л. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Үкімет шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімінің меңгерушісі

Соболев В.В. - Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы

Келімбетов Қ.Н. - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі Мақсаттарды және басымдықтарды қалыптастыру департаментінің директоры

Мүшрәпілов Ә.Ә. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің басқарма бастығы

Комиссияның хатшысы

Тұмабекова К.Ә. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Мемлекеттік қызмет және кадр жұмысы бөлімінің консультанты